

### **Краткий агрометеорологический обзор за 3 декаду января 2024 года**

В третьей декаде января на юге и юго-востоке республики в районах возделывания озимых культур средняя за декаду температура воздуха в большинстве районов оказалась на 1...3°C выше нормы, осадки выпали около и больше нормы.

На последний день декады высота снежного покрова в Алматинской области была 10-17 см, в окрестности метеостанции Жаланаш достигала до 30 см, снег оказывал защитное влияние на растения. В Жетысуской области высота снежного покрова 4-13 см, в Жамбылской области 8-18 см и в Туркестанской области 2-8 см, из-за неравномерного распределения высоты снежного покрова перезимовки будут складываться по-разному.

В окрестности станций Ауыл Т.Рыскулова, Казыгурт, Тасарык и Шымкент Туркестанской области на фоне положительных температур воздуха наблюдается возобновление вегетации озимой пшеницы. Фаза развития «всходы» - «образование узловых корней», состояние растений удовлетворительное.

Интенсивные оттепели, которые наблюдались в течение 1-6 дней в южных областях, могли понизить зимостойкость слабо развитых посевов озимой пшеницы.

Минимальная температура почвы на глубине узла кущения озимой пшеницы на юге и юго-востоке страны от 0°C до минус 4°C.

В целом за 3 декаду января агрометеорологические условия для зимовки озимой пшеницы были удовлетворительными.

На конец декады в большинстве областей пастбища были умеренно стравлены, *сильно* стравлены пастбища в Алматинской области (станция Айдарлы), в Жетысуской области (станция Акжар), в Западно-Казахстанской области (станция Булдурта, Тайпак, Жалпактал).

На большей площади пастбищного животноводства отмечалась мерзлая дернина, сырая дернина на некоторых пастбищах в Жетысуской и Жамбылской областях.

### **2024 жылдың қаңтар айының 3 онкүндігіне қысқаша агрометеорологиялық шолу**

Қаңтардың үшінші онкүндігінде республиканың оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында күздік дақылдар өсірілетін аудандарда онкүндіктегі орташа ауа температурасы нормадан 1...3°C жоғары, жауын-шашын норма шамасында және нормадан көп жауған.

Онкүндіктің соңғы күнінде Алматы облысында қар жамылғысының биіктігі 10-17 см, Жаланаш метеостанциясының маңайында 30 см дейін жеткен, қар өсімдіктерге қорғаныш болған. Жетісу облысында қар жамылғысының биіктігі 4-13 см, Жамбыл облысында 8-18 см және Түркістан облысында 2-8 см, қар жамылғысының биіктігінің біркелкі болмауына байланысты қыстау жағдайы әр түрлі болады.

Түркістан облысының Т. Рысқұлов ауылы, Қазығұрт, Тасарық және Шымкент станцияларының маңайларында оң ауа температурасы фоны жағдайында күздік бидай вегетациясының қайта басталуы байқалған. Даму кезеңі: «көктеу» - «түйін тамырлардың пайда болуы», өсімдіктердің жағдайы қанағаттанарлық.

Оңтүстік аймақтарда 1-6 күн бойы байқалған қарқынды еру күздік бидайдың нашар дамыған дақылдарының қысқы төзімділігін төмендетуі мүмкін.

Еліміздің оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында күздік бидайдың түптену түйінінің тереңдігіндегі топырақтың минималды температурасы  $0^{\circ}\text{C}$  минус  $4^{\circ}\text{C}$  дейін болған.

Жалпы, қаңтардың 3 онкүндігінде күздік бидайдың қыстауына агрометеорологиялық жағдайлар қанағаттанарлық болған.

Онкүндіктің соңында көптеген облыстарда жайылымдар бірқалыпты тапталған, қатты тапталған жайылымдар Алматы облысында (Айдарлы станциясы), Жетісу облысында (Ақжар станциясы), Батыс Қазақстан облысында (Бүлдұрт, Тайпақ, Жалпақтал станциясы) байқалған.

Жайылымдық мал шаруашылығының басым бөлігінде шымның қатқак болуы байқалған, Жетісу және Жамбыл облыстарының кейбір жайылымдарында шым дымқыл болған.